

Ғ.Ә.Жұмасұлтанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: qalia61@mail.ru)*

Қазақ даласындағы алғашқы ағартушылар дүниетанымдарының саяси мазмұны

Мақалада қазақ елінде қалыптасқан ағартушылық феноменнің себептері мен қызметтері зерттеліп, олардың Еуропа және Ресеймен салыстырғанда басқаша болғаны айқындалып, еліміздегі ағартушылық ойлардың ерекшеліктері, саяси мазмұны бағаланып, талдаған. Көтеріліп отырған мәселелер өз жерімізде қалыптасқан ағартушылық ағымның құндылықтарының әлеуметтік-саяси ортадағы рөлінің маңызын және оның терең саяси мазмұнын жан-жақты ашуға бағытталған. Бұрынғы қазақтың ұлтжанды азаматтарының ел өмірінде, халық тарихында алатын орнын көрсете отырып, автор олардың ағартушылық көзқарастарында қандай қоғамдық-саяси мәселелер басты орында болғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: ағартушылық, дүниетаным, рухани жаңаруы, адамгершілік принциптер, реалистік бағыт, надандық, көшпелі тұрмыс, прогресшіл маңызы, жалпыұлттық сана-сезім, саяси құрылым.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында XIX ғасырдың екінші жартысы өзгерістерге толы болды. Соған байланысты дәл осы кезде Қазақстанда ағартушылық мәдениеті пайда болып, дамиды. Адам ойының және ғылымның даму жолында дін тұрған жерде ағартушылық дүниетаным пайда болады. Бұл қазақ ойларының тарихындағы өте ғажайып феномен болды десек, қателеспейміз.

Әр халықтың өз заманының ойшылдары дүниенің, болмыстың, өмірдің, адамның жай-күйін жете түсінуге ұмтылғаны, әрине, белгілі. Бірақ олардың ойларына сол бір кезеңде қалыптасқан дүниетаным мен жалпы өркениеттік өзгерістер әсер тигізгені де қазіргі таңда біз үшін айдан анық болып тұр. Міне, осыған байланысты, XIX ғасырда Қазақстанда қалыптасқан, адамдар санасын өзгерту, халықтың басым көпшілігінің әлемдік өркениет үлгісімен рухани жаңару процесінің күрделі сипатын ашып көрсетуде ағартушылықтың маңызы, әрине, зор. Себебі сонау Жаңа дәуірде қалыптасқан бұл дүниетанымдық ағым қоғамдағы өзгерістермен ұштасып, олардың негізінде ізгілік, әділеттілік идеялары мен ғылыми таным-білім негіздерін тарату жолдары арқылы қоғам кемшіліктерін түзетуге, оның талғам-талаптарын, саясатын, тұрмысын өзгертуге болады деген идеяны ұстанып, қоғам өміріне көп өзгерістерді енгізуге ықпал етуде болды.

Қазіргі таңда елімізде болып жатқан өзгерістер, әрине, бірден қалыптасқан жоқ. Оған алдыңғы қатардағы адамдар да өз септігін тигізді деп айтуға болады. Сондықтан да болар, Елбасшымыз Қазақстанның келер ғасырдағы басты даму бағдарын белгілеп, берген стратегиялық жоспарларында халықтың рухани жаңаруына ерекше көңіл аударады. Оның айтуынша: «Адамның ой-санасын бір сәтте өзгерту мемлекеттің қолынан келмейді. Бірақ мемлекет өзгерістер процесін объективті тенденцияларды түсіндіру, маңызды ақпаратты халыққа жеткізу жолымен және де, ең бастысы, өзіндік молшылыққа бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты іске асыру жолымен жеделдетуге қабілетті. Адамдардың жаңа дүниетанымды қалыптасқанша ондаған жылдар қажет болады» [1]. Сол жылдардың өту барысында қазақ қоғамдық өмірінде ағартушылық көзқарастардың ерекшелігі мен маңыздылығы өте жоғары.

Қазақстанда ағартушылық ойдың мәнін түсінуде қазіргі отандық ғылымда келесі теориялық және әдіснамалық қағидалар қалыптасқан:

– Біріншіден, қарастырылып отырған ағартушылық идеология нақты-тарихи шындық болып табылады. Ресейге қосылу, оның мәдениетімен кең танысу және сол арқылы еуропалық өркениетпен сусындау — Ресейге бодан кезеңінің нәтижесі болып табылғанымен, қазақ ағартушылығы дүниежүзілік ағартушылық ойдан оқшауланбай, керісінше, онымен ортақтастықта — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы жалпы ресейлік қозғалыстың ықпалы тиген дербес құбылыс ретінде дамыды. Сондықтан Қазақстандағы ағартушылық идеологияны зерттеуде жалпы ағартушылық құбылысқа тән белгілермен қатар, оны тудырған мәдени-әлеуметтік ортаның ерекшелігіне де баса назар аудару қажет.

– Екіншіден, осы ағартушылық идеологияның басты ерекшелігі — оның азаттыққа, бостандық пен теңдікке ұмтылыс ниетіндегі кеңес өкіметіне дейін және сол өкімет тұсында өз мәнін жоймаған негізгі идеялық бағыт ретінде сақталуында (М.Дулатов «Оян, қазақ!», М.Жұмабаев «Тәңір», «Мен кім», «Тез барам» т.б., А.Байтұрсынов «Қазақ өкпесі», «Тәні саудың жаны сау», «Қазақша оқу жайынан», Ә. Бөкейханов, Ш.Құдайбердиев, М.Шоқаев, Ж.Аймауытов т.б.). Патша өкіметі мен сталиндік қуғын-сүргіннің зардабын басынан өткізіп, әділет пен шындық жолында халқының мұң-мұқтажын жоқтаған қазақ зиялыларының халықты оянуға, білімге, оқу-ағартуға шақырған еңбектері халық бостандығы мен теңдігі жолындағы күреспен тығыз байланысты болды.

– Үшіншіден, қазақ ағартушылығы күрделі де қайшылыққа толы эволюциялық даму сатысынан өтті. Ол өз дамуында керітартпа идеялық бағыттармен күреске толы болды. XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың алғашқы кезеңінде ағартушылар кейбір діни түп негізшіл-клерикалды идеологиямен және әр түрлі діни-мистикалық бағыттармен келісімде болмады. Қоғамдық-саяси өмірдің маңызды бағыттары мен ілімдері де жеткілікті болатын. Оларға XIX ғасырдың орта тұсында пайда болған дәстүрлі-консервативті Тәңіршілдік бағытын, Ресейдің мұсылман халықтарының арасында кең тараған панисламизм мен пантюркизм ілімдерін жатқызуға болады. Қарастырып отырған рухани құбылыстың рөлі мен мәні нақтылы идеялық күрестің аясында көрінетіндіктен, берілген бағыттар мен ілімдердің табиғатын жете ұғыну қажеттілік пайда болады.

– Төртіншіден, Қазақстандағы ағартушылық ойдың қалыптасуына XIX ғасырдың 40–60-жылдарындағы орыс ағартушыларының, әсіресе «батысшылдарының», «славянофилдердің» қайсыбір мұраттары қазақ ағартушыларының жанына жақын келді. Олар (Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин) Ф. Достоевскийдің, Н. Добролюбовтың, А. Герценнің, В. Белинскийдің еңбектерімен, ал кейбірі (Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев) олардың авторларымен таныс болатын. Халықшылдықты тәжірибелік іс-әрекетке жетекші етіп, идеялық бағдарға ала отырса да, нақты-тарихи жағдайда халық бұқарасының екіжақты, яғни, әлеуметтік және ұлттық қанаушылық пен жалпы аймақтық артта қалушылық себептеріне байланысты қазақ ойшылдары тұтас алғанда типтік ағартушылық тұғырды ұстанды. Яғни, белгілі қоғамдық топқа, дәлірек бұқара халыққа, бағытталып, қоғамдық прогресті саны басым топтың мүддесі үшін күреспен байланыстырған революцияшыл демократтарға қарағанда қазақ ағартушылары XVIII ғасырдағы Еуропадағы ешбір тап пен сословиені бөле-жармай, жалпы ұлттың атынан сөйледі. Бұл, бір жағынан, көрсетілген кезеңде берілген аймақтың қоғамдық қатынастарының пісіп-жетілгенін аңғартса, екіншіден, осындай ерекше жағдайда жалпы халықтық прогресс идеясы өзекті болғанын және оның аса маңызды қоғамдық қажеттілікті бейнелегенін көрсетеді.

– Бесіншіден, қазақ ойшылдары ағартушылық тұғырда қалғанымен, аңсаған қоғамды ұлт-азаттық күрес жолымен орнату әдістерін де жоққа шығармаған. Әйтсе де негізінде барлығы еркін, азат қоғам құрудың бейбіт жолын таңдады: жоғарғылардың реформасы көмегімен немесе «әділ», «таза» білім мен басқару және ағарту, ғылым-білім арқылы өз халқының көзін ашып, санасы мен көңілін оятып, өздерін-өздеріне танытып, ескіліктен, езгіден арылтпақ болды. Бұдан тарихи құрылымы мен қоғамдық күштердің жіктелуі әлдеқайда өзгеше орыс революционер-демократтары секілді төңкеріс жолын қуаттап, оған бірден-бір шешуші әдіс, айқын жол деп шақырмауын кемшілікке жатқызу орынсыз болар еді. Керісінше, рух пен тән арасындағы, жалпы аспан астындағы үйлесімділікті іздеп, сол жолда, бойды сезімге емес, ақылға жеңдіртіп, мәселенің шеті мен шегіне ауытқымай негізгі ортасын ұстануды үйрететін дана Шығыс философиясының көрінісін аңғарамыз.

– Алтыншыдан, қазақ ағартушыларына қоғамдық прогресс жолындағы күресті француз немесе орыс ағартушылары сияқты феодализмнің немесе крепостнойлық тәртіптің ыдырауы жағдайында емес, үзілмей жалғасып келе жатқан дәстүрлі қауымдық қатынас үстемдігі кезеңінде жүргізуге тура келді. Осыған байланысты олардың көзқарастарында қоғамдық прогресс идеялары ұлтаралық ынтымақ, достық, орыс халқы мәдениетінің жетістіктері мен игі әсері жайлы ойлармен астасып жатты [2; 86–87].

Жалпы, ағартушылық феномені Жаңа дәуірде Еуропада пайда болғаны белгілі. Онда рационалистік парадигма үстемдік етті, адамзат ғылым мен білім ұстанымы бірінші қатарға қойылды. Осындай жалпыға бірдей тәртіптен Қазақстан да тыс қалмады. Дегенмен, Еуропа және Ресеймен салыстырғанда ағартушылық феноменінің себептері мен қызметтері бізде басқаша болды. Сонымен қатар, Қазақстанда XIX ғ. қазақ мәдениетінде де, саяси-экономикалық өмірінде де көптеген тенденциялар орныға басталғаны бәрімізге белгілі. Бұл үрдістің, әсіресе, халық ағарту саласындағы

өсуі айқын сезілді. Ал оның түпкі тамырын да, тарихын да ұлы ойшылдар мен жеке тұлғаларсыз көзге елестету мүмкін емес.

Сондықтан еліміздегі алғашқы ағартушылық ойлардың ерекшеліктерін, саяси мазмұнын бағалау үшін, әр бір ойшылдардың көзқарастарына тоқталу қажеттілік туындатып отыр. Бұл жолда қазақтың ірі әдебиетші-ғалымы, қоғам қайраткері, жазушы М. Әуезовтың келесі пікірін ескерсек, қателеспейміз: «Қазақ ССР тарихының өткен ғасырын еске алсақ, көзге толық, көңілге медеу үш адамды алдымен айтамыз. Олар кең Қазақстанның шалғай жатқан өлкелерінен шықса да бір туғандай сезілетін асыл жандар. Олар — үшеуі үш мұнарадай болған: Шоқан, Ыбырай, Абай» [3].

Қазақстандағы XIX ғ. қоғамдық-саяси, философиялық және ағартушылық ой-пікірінің бірінші өкілі Ш. Уәлиханов (1835–1865) өз дәуірінің белгілі ғалымы, ағартушы-демократы болды. Шоқан Уәлиханов Қазақстандағы ағартушылық ойдың басында тұрды. Ол бірінші болып XIX ғасырдың ортасындағы қазақ қауымның дамуына сәйкес ағартудың саяси, философиялық және социологиялық принциптерін негіздеді. Оны қазақ ағартушылық идеологиясының негізін салушы деп санауға болады. Отандық ғалым Мұрат Өрленбайұлы Насимовтың айтуынша: «Қазақ ойшылы, этнографы, тарихшысы, географы, ғұлама ғалымы және ағартушысы Шоқан Уәлихановтың ғылыми еңбектері мен қоғамдық көзқарастары бүгінгі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпайды. Оның «Абылай», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары», «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы записка», «Жоңғария очерктері» атты мақалалары халқымыздың қалыптасуы мен дамуы туралы баяндайды» [4].

Шоқанның ағартушылық көзқарастары бай мазмұнға толы. Ол қазақтардың кедейлік тұрмысының және саяси белсенділігінің төмендігінің себебі ретінде надандықты санады. Осыдан ол ағартуды аса жоғары бағалаған. Оның пікірінше, білімді адамдар кедейшілікпен нәтижелі түрде күресе алады. Халықтың дамуы үшін ең бірінші бостандық пен білімді қажет еткен ойшыл, патшалық биліктің қазақ даласына ғылымды және мәдениетті жібермеу саясатына қарсы тұрды. Бұл мәселеге байланысты қазіргі ғылыми зерттеулерде кездесетін мына пікірмен келісуге болады: «Қазақ ойшылы өзінің «білімсіз, мәдениетсіз, тұрлаусыз» халқының ауыр жағдайына күйзеліп, отарлық езгі мен ұлттық тепкінің астында жүрген елінің күреске шығуға мүмкіндігінің мүлдем жоқ екенін ашына жазады» [5]. Дегенмен, ағартушы осындай отарлық езгіден этникалық ерекшеліктерінің эволюциялық даму жолында өз сапалық түрлерін сақтап қалуға тырысқан, қазақ халқы ешуақытта басқа өркениеттік ұлттардың жетістіктерінен аулақ болған жоқ деп есептейді. Тіпті, оның айтуынша, қазақ халқының дамуы мен өркениеттік мәдениетке жақындаудың бір жолы — ол жалпы азаматтық ағартушылыққа қол жеткізу болып табылады. Осы айтылған ойларымызды растауда Шоқанның мына сөздерін еске алуға болады: «Біздің тұжырымымыз еуропалық, әрісі жалпы адам баласына тән ғылым-білім бұлағының нәр алуда, сол мақсатқа жету жолындағы бөгеттермен батыл күресу. Бұл дамуға, мәдениетті өрістетуге қабілеті қандай да болмасын халықтың түпкі мақсаты болу керек. Ал қазақтың еуропалық қайта туындау идеясын қабылтайтын қабілеттілігін арттыру үшін оған алдын ала білім беру арқылы ой қабілеттілігімен жүйке жүйесін жетілдіру керек» [6; 72].

Ойшылдың ағартушылық дүниетанымының мазмұны оның қазақ ауылдарда діни мектептердің ашылуына қарсы болғанынан да көрініс табады. Керісінше, ол орыс мектептердің ашылуы тиісті деп есептеген. Себебі ол жаңашылдықтың жақтасы бола тұрып, өз елінде білім мен ғылымның таралуын шын ниетімен қалады. Шоқан ресей мен еуропалық ғылым және адамгершілік жүйесіне негізделген тиянақты халықтық тәрбиені қалыптастыруға шықарды. Оның көмегімен қазақтардың дәуірлік артта қалушылықты жою мүмкіндігіне және дамыған елдердің қатарына қосылуына жол ашылады деп санайды атақты ойшыл.

Сонымен қатар Шоқан өзінің ғылыми еңбектерінде қоғамның экономикалық проблемаларын да қарастырғаны белгілі. Олардың астарында да терең ағартушылық мән бар десек, қателеспейміз. Мысалы, ол аймақта өндіріс күштердің дамуына кедергі жасайтын бұрынғы керітартпа дәстүрлерді жою қажет деп есептеген. Соның бірі – барымта болып табылады деген ойшыл. Егер осындай дәстүрлер экономикаға кері ықпал етсе, оларды ұстанбауға шақырған.

Ойшыл қазақ шаруаларын қанауға өте қарсы болды. Өзінің сот реформалары жөніндегі жазбаларында отаршыл әкімшіліктің тонаушы саясатын атап көрсеткен. Әсіресе шенеуніктердің тұрғылықты халықты заңсыз тонап жатқанын ашына көрсеткен. Шоқанның ойынша, халықты қанаудан және кедейшіліктен құтқару үшін билеушілердің саяси үстемдігін шектеп және де халықтың демократиялық құқықтарын кеңейту қажет. Осы жерде халықтың сол құқықтарды

пайдалана алуына назар аударған. Сол үшін халықтың білім алу мәселесін шешу қажет деп тұжырымдайды ойшыл.

Ағартушы көзқарастарының прогрессивтік-демократиялық сипатын және жергілікті әкімшіліктің қызметі жөніндегі ойларын оның көзқарастары толық түрде баяндайды. Бұл жерде ол тиімді сайлау элементтерін енгізуді ұсынғаны туралы айтып кету қажет. Мысалы, Орынбор басшылығының артықшылығы мен кемшілігін байқауында, ойшыл оның кемшілігін келесі тұжырымдама арқылы түсіндіреді: «Орынбор дала басқармасының негізгі көпшілігі, орда шенеуніктерін халықтың сайлауымен емес, шекара бастықтарының қалауымен сайлауында» [6; 96]. Оның ойынша, сайлау принциптерін дұрыс қолдану, билікке таңдаулы адамдарды әкелуі тиіс.

Шоқанның ағартушылық көзқарастарының тағы бір саяси сипаты қоғамдық өмірді реформалаумен тығыз байланысты болды. Оның пікірінше, қоғамның білімді мүшелері қандай да болмасын реформаларға қол жеткізіп сол арқылы халықты қоғамдық прогреске жетелеуге тиісті. Осы жерде ол реформаларды қалай дайындау және өткізу керек деген қызықты ойлар ұсынады. Бұл ойлар қазіргі өзгерістер заманында өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Ойшыл реформаларға тарихи жағдайларды ескере отырып, ғылыми бағытпен қарау керек деген. «Қоғамдық мәселеде халық реформасынан аса қажет мәселе жоқ» — деп жазып, ол халықтың мұқтаждығына тікелей қатысты экономикалық және әлеуметтік реформаларға аса назар аударады. Себебі, ағартушының ойы бойынша прогресс бүкіл адам баласының түпкі мақсаты, яғни материалдық әл-ауқатын жақсартумен тығыз байланысты. Осыған орай ойшыл: «Қоғамдық тұрмыс мұқтаждығын жақсартуға бағытталған қандай да болмасын реформа қоғамның мұқтажы мен қаражаты белгілі болғанда ғана кездейсоқтыққа ұшырмай, діндеген мақсатына жете алады», — деген ой білдірген [6; 71].

Ұлы ғалым-ағартушы басқару саласын қайта құру мәселесіне көңіл бөлуде, реформалар барысында билеу округтерінде халыққа жақынырақ өзіндік басқару жүйесі пайда болады деген. Ағартушының ойынша, адамның тұрмысын жақсартуға бағытталған реформалар табысты болып, ал оған зиян келтіретін реформалар мақсатқа жетуге кедергі жасайды. Сондықтан Шоқан осы мақсатқа сәйкес келмейтін реформаларды жоққа шығарған. Реформалар қоғамдық өмірдің экономикалық және әлеуметтік жақтарын қозғауы тиіс, себебі олар «халыққа етене жақын, ең маңызды, соның мұқтажына тікелей қатысты реформа» болып табылады. Ал, саяси реформалар экономикалық істерді жүзеге асыратын құрал ретінде болады.

Ойшыл мәжбүрлі реформаларға түбегейлі қарсы болған. Күшпен жүргізілген реформалар адамзатқа үлкен қасіреттер әкеледі деп тұжырымдайды. Ол ондай әдістерге қазақ даласында жол беруге болмайтыны туралы айтады. Сондай-ақ «жалған теорияларға негізделген және басқа халықтың өмірінен алынған» реформалар да қасірет әкелуі мүмкін. Солардың қатарына ол дайындалып жатқан сот реформасын жатқызады. Үкіметтегі шенеуніктердің реформа туралы пікірді халықтан емес, ақсүйектерден сұрауын қате деп санайды. Оның айтуынша, реформаторлар мен заң шығарушылар өз қызметтерінде қоғамдық пайданы ескерулері тиіс. Осы ойларды әрі қарай дамыта келе, Шоқан жалпы саяси басқару, билік жүргізу, әрқашан «қоғамдық организм жан-жақты дами алатын мызғымас прогресс заңына негізделіп», іс жүзінде асырылуы тиісті деп тұжырымдайды ғалым [7].

Шоқанның ойларында қоғамның өзгерістерге деген қажеттілігі қоғамдық даму және халықтың өмір сүру деңгейіне байланысты екені көрсетіледі. Бұл жерде дифференцияланған бағыт қажет деп санайды ойшыл. Сонымен бірге ағартушы халықтың өмір принциптерінің сақталуына көп көңіл бөлген. Оның ойынша, көп ғасырлық дәстүрлер және халық тапқырлығы көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси және адамгершілік бастауларының негізі болып табылады. Осыдан ұлттық, тарихи, мәдени дәстүрлерді және көшпелі тұрмыстың ерекшеліктерін жан-жақты ескеру қажет деп санайды ойшыл. Ол қоғамдық дамудың төменгі сатыларының саяси құрылымының жетістігі ретінде гуманизм идеясы болуы тиіс деп санады және адамгершілік мәселесіне зор көңіл бөледі. Ол үстем таптың адамгершілік принциптерін сынға алып, қарапайым халық пен бай адамдардың мүдделері сәйкес келмейтінін атап көрсеткен. Жалпы алғанда, ойшыл қазақтарды бейбітшіл, дарынды халық екеніне шүбә келтірмей, олардың прогреске жету жолдарын қарастыруға тырысқан және осыдан өз халқының айқын болашағының кепілін көрген.

XIX ғ. екінші жартысында Уәлихановтың ағартушылық дәстүрлерін Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев әрі қарай дамытты.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) — қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жазушысы, қоғам қайраткері. «Қазақ мектептерін Еуропа жолына, өнер жолына бұрып бастаған ең тұңғыш жаңашыл оқытушы, тарихта өшпестей із қалдырған педагог, ақын, жазушы Ыбырай Алтынсариннің

ағартушылық қызметке қосқан үлесі мен еңбегі зор. Ыбырай жастарды оқу-білім, өнерге ұмтылуға кенес бергенде құрғақ насихатқа ұрынбайды, қайта өз ойын нақтылықпен дәлелдеуге ұмтылады» [4]. — деген пікірмен келісе отырып, оның өмірі мен шығармашылығы Қазақстанның Ресейге қосылуынан кейінгі кезеңмен байланысты болғанын атап өтуге болады.

Ағартушы өзіндік білім алумен мықтап айналысып әжептәуір табысқа жетеді. Оны педагогика да, әдебиет те, философия да қызықтырды. Осының әсерінен ол сол кездегі бай Орынбор кітапханасына жиі барып барлық күрделі әдебиеттерді қызыға оқыды. Оның рухани әлеміне сол кезде өлкеде тарала бастаған алдыңғы қатарлы ойшылдардың, соның ішінде Ресейдегі революциялық-азаттық қозғалыстың өкілдерінің идеялары әсер етпей қойған жоқ. Оның жеке кітапханасында көрнекті орыс педагогтарының және жазушыларының шығармаларымен қатар, «Современник» журналы және Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Белинскийдің шығармаларының болуы кездейсоқ емес. Және де осыған байланысты оның бірқатар идеялары мен ойлары осы ойшылдардың пікірлерімен сәйкес келді. Шетел авторларынан Шекспирдің, Руссоның, Гегельдің шығармалары да қазақ ағартушысының ағартушылық идеялары мен демократиялық көзқарастарының қалыптасуына жағымды ықпал еткенін айта кеткен жөн.

1876 ж. оның өмірінде маңызды оқиға болды. Ол Петербург қаласына сапар шегеді. Бұл сапар оған орыс қоғамын толғандырған әлуметтік-саяси проблемалармен жақын танысуға мүмкіндік береді. Ол орыс интеллигенциясының алдыңғы қатарлы өкілдерімен жақын араласады. Революциялық-демократиялық әдебиетпен танысуы да оның білім деңгейін көтере түсті. Нәтижесінде оның қызметінің прогрессивтік бағыты айқындала түсті.

Ол Ш.Уәлиханов секілді өз өлкесінің өмірі басқа ағысқа түскенін алғашқылардың бірі болып аңғарды. Ойшыл ендігі жерде ескі, дәстүрлі нормалар жаңа шаруашылық, құқықтық қатынастарда жарамсыз болып қалғанын аңғарады. Ағартушы дәстүрлі патриархалдық-феодалдық қарым-қатынастардың өмірдің жаңа талаптарына сәйкес келмейтінін және ескі тәртіпті ауыстыру мен адамдар арасында жаңа қарым-қатынастар қалыптастыру қажет екенін түсінді. Ол халықтың қамын ойлау қазақ зиялыларының адамгершілік парызы деп білді. Осыған байланысты ол былай деп жазады: «Біздің үлесімізге бәрін әлі құру, енгізу қажеттігі бар ең ауыр да жауапты ауыртпалық тиіп отыр ... Қараңғы ортаға жаңалық енгізу, шамамыз жеткенше, қолымыздан келгенше жарық сәуле түсіру» [8].

Ы.Алтынсариннің ағартушылық дүниетанымында халықты ағартуда, біріншіден, надандықпен күресу қажет деген ой басым. Ол үшін қазақ даласында діни емес мектептерді ашу қажет деп біледі ойшыл. «Мектептер, — деп жазады ол, — қазақтарға білім берудің негізгі орталығы, оларда қазақ халқының болашағына деген үміт жатыр». Оның ойынша, одан әрі қарай мектеп ісін дұрыс жолға қою қажет. Мектептер жаңа жақсы өмірге күресе алатын жаңа азаматтарды қалыптастыруға назар аударуы тиіс. Білім беру жұмысшылардың өздерінің құқықтық теңсіздігін түсінуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге ойшыл бір-біріне қарама-қайшы таптар бар жерде, жақсы қарым-қатынас болуы мүмкін емес екенін түсінген. Білім беруді ол еңбекші халықтың құлдықтан, надандықтан және кедейшіліктен босатылуы деп түсінген. Ағарту ісі бұқараны әлеуметтік теңсіздікпен күресуге дайындайды деген сенімде болған. Мысалы, «Бай мен жарлы баласы» атты әңгімесінде жазушы бай баласы Асан мен кедей баласы Үсенді бас кейіпкер етіп ала отырып, әлеуметтік мәні зор ірі мәселеге назар аударады. Баланың қалыптасуына орта мен отбасының әсер-ықпалын ашып көрсету арқылы мән-маңызы үлкен қорытынды жасайды [9; 8–17]. Бұл жерде оның саяси ағартушылығын айтып көрсетуге болады.

Ағартушы Алтынсарин білім берудің түпкілікті мақсаты ретінде өлкенің рухани дамуы ғана емес, экономикалық дамуын көрді. Мысалға ол бұл қажеттіліктерді орыс-қазақ мектептерінің оқу бағдарламаларын құрастырғанда ескеріп отырған. Жалпы білім беру пәндерін оқытумен қатар, оқушыларға қолданбалы тәжірибелік білім беру керек екенін айтқан. Осы мақсатта мектептерде тәжірибелік бау-бақша, әр түрлі құрал-жабдықтар және басқа да көрнектіліктер болуы тиіс деп санаған. Ағартушының ойынша, мектеп өз құрылымы бойынша жаңа мәдени өмірдің, жаңа дәстүрлердің, тәртіптің, өнердің үлгісі болуы тиіс. Оның ойынша, қазақтардың тұрмысын қайта қалыптастырудың маңызды құралы ретінде олардың көшпеліліктен отырықшылыққа көшуін санаған. Сонымен бірге қандай да болмасын мәжбүрлеу шараларына қарсы болған. Оның пікірінше, бұндай шаралармен тұрғылықты халықтың тұрмыстық және шаруашылық өмір-салтын қайта қалыптастыру мүмкін емес. Бұл үшін оларды отырықшыл өмірдің артықшылықтарын түсінетін жағдайға жеткізу керек. Сонда ғана жаңа өмір салтына көшу ешқандай «сыртқы күштердің» әсерінсіз

«табиғи жолмен» жүзеге асады. Бұл процеске ағарту жолымен тезірек ықпал ету қажет. Ол үшін: «Біздің балаларымыздың білім алуы туралы ең алдымен өздеріміз, ата-аналар қам жасауымыз қажет», — деп жазады ойшыл [10]. Ол қазақ балаларының орта және жоғарғы техникалық және ауылшаруашылық оқу орындарында оқығанын қалаған.

Ағартушылық жолында ойшылдың еңбектері ерекше орын алады. 1879 жылы шыққан атақты «Қазақ хрестоматиясы» оқушыларға оқу құралы ғана емес, халықтың оқуына арналған кітапқа айналды. Ол бойынша бірнеше ұрпақ тәрбиеленіп өсті. Ойшылдың ойынша, ғылымнан нәр алған жастар бүкіл халыққа ықпал ете алады. Сондықтан да хрестоматияның бірінші бетінен-ақ жастарды білім алуға шақырады. Ғылыммен айналысқан және оның құндылықтарын игере алған адамдарды қалай құрметтесең де лайықты деп санаған.

Ағартушы жастардың патриоттық сезіміне де ықпал етуге тырысқан. Халық ғылыми және техникалық тұрғыда артта қалып қойды, сондықтан да оны жою үшін білімді игеру қажет деп түсінген. Өзінің педагогикалық қызметінің басты ұраны ретінде келесі ұранды алды: «Өз Отанымызға лайықты үлес қосу — әрқайсымыздың борышымыз». Ағартушы надандықпен, халықтық прогреске қарсы адамдармен қиын да ұзақ күрес болатынын түсінген. Оның жолында реакциялық ақсүйектер ғана емес, патшалық шенеуніктер де тұрғанын аңғарды. Олар қазақтардың кең түрде білім алуына қарсы болғаны бізге белгілі. Патша үкіметі қазақтарға білімді белгіленген, өз мақсаттарына сәйкес келетін мөлшерде ғана беруге тырысты. Ал ағартушының мақсаты басқаша болды. Сондықтан да оның қызметі кең көлем алып, демократиялық бағыттары айқын бола бастағанда патша әкімшілігі ол туралы жағымсыз көзқараста болып, оны халықтық училищенің облыстық инспекторы қызметінен тайдыруға сылтау іздей бастады. Осыған байланысты Ыбырай дала күштілеріне ғана емес, патша үкіметіне де сыни көзқараста болды. «Мен бұрын мені басшылық қолдайды деп сеніп келсем, бірақ енді оған барлық кезде сенуге болмайтынын түсіндім. Бірақ та мен өз көзқарастарымнан және талаптарымнан күшім жеткенше кейін шегінуге мүдделі емеспін», — деп жазады ол [11].

Ағартушы көзқарастарының саяси мазмұны оның билік жүйесін жақсарту жолдарын іздеу кезеңінде ақсақалдар билігіне көңіл бөлуден де көреміз. Өйткені көшпелі халыққа билік жүйесі жақын және ұғынықты болуы тиіс еді. Бұл билік, ойшылдың ойынша, жоғарының үстемдігінен еркін болып, қазіргі билікке қарағанда әділетті болар еді. Сонымен бірге ол отаршыл әкімшіліктегі қазақтар санын көбейтіп, олардың білімін көтергісі келген. Осынысымен ол жергілікті халық өкілдерін билікке тартып, сол арқылы билік органдарында және елді басқаруда халықтың егемендігі элементін сақтап қалғысы келген.

Қоғамтанушылық мәселелерге келгенде Ы.Алтынсарин сол кездегі қоғамды қатерлі қоғам деп сипаттады. Себебі ол қоғамда билеушілердің, билердің, молдалардың үстемдігі орнаған еді. Осыған байланысты көзқарасын ағартушы былай деп бейнелейді: «Қызмет бабында мен көп қазақтармен араласамын, солардың ішінде менің туыстарым да бар. Олар туралы көп нәрсе білемін және көбісін жек көремін. Ордадағы лауазым иелері ұятсыздықпен кедей қазақтарды тонауда. Олар менің оларға деген көзқарасымды байқап, мүмкіндігі келгенше мені бұл жерден тықсырғысы келеді» [12].

Ойшыл сондай-ақ жергілікті билікке қатысты мәселерді де қозғаған. Ол халықтың жергілікті биліктің зиянды билеу тәртібін түсінгенін атап көрсетеді. Қазақ ауылдарындағы билік орындарына және сотқа сайлау кезеңінде, билікте асыра сілтеу, халық есебінен пайда табу көрінісін берген. Және де ойшыл үкіметтің өз отандастарына білім беруге құлқы жоғын, бұл істі маңызды деп санамайтынын түсінді. Бұл жағдайда ол туған жерінің қоғамдық-саяси проблемаларынан сырт қала алмады. Сондықтан да билікті, басқаруды және сотты жетілдіру мәселелеріне көп көңіл бөлген, өйткені оларға бұқараның болашағы маңызды болатындығын түсіне білді.

Ы.Алтынсариннің саяси көзқарастарында терең демократизм және өз халқының мүддесін қорғауға деген ұмтылысты байқауға болады. Мысалы, «Қазақтың қайғысы» деген жазбаларында ол билікті және басқаруды ұйымдастырудың өзіндік бағдарламасын ұсынды. Онда және басқа да еңбектерінде билік, басқару және сот туралы бірқатар пікірлер айтылған. Оның ойынша, олар халықты мойын ұсындыру үшін емес, халықтың әл-қуатын жақсарту үшін қажет. Сонымен бірге билеушілер өздері де заңды қатал ұстануы керек. Бұларсыз қоғамдық тыныштық және тәртіп орнату мүмкін емес деген ойшыл. Билік және сот өкілдері қоғамдық зұлымдық негізі — паракорлықтан алыс болуы тиіс. Олардың қызметі жеке мүдделерге емес, қоғамның, отанның мүдделеріне бағынуы тиіс. Олар бағынышты халықтың жағдайын және тұрмысын жақсы білулері қажет деп есептейді қазақ ағартушысы. «Егерде олардың болашағымен, жергілікті жағдайларды білетін тәжірбиелі мамандар

айналысса, қазақтар жақын болашақта елінің пайдалы, адал және іскер мүшелеріне айналады», — деп жазады Ыбырай [9; 157].

Ағартушының қоғамдық өмірде халықтың оңды дәстүрлерін қолдану туралы пікірлер білдіргені де белгілі. Оның ойынша, қазақ қоғамында өзара көмектің оңды жақтары бар, олар болашақ шаруа қожалықтарын құруға негіз болар еді. Сондықтан да қазақтарды ауылдық құрылыстың мүдделерін билікті ұйымдастыруда, сондай-ақ жер мәселесін шешуде байланыстыруға тырысқан. Экономикалық мүдделердің ортақтығы ауылдық-қауымдық әл-ауқаттың негізі деп санаған. Ойшыл қазақтарды өмірдің жаңа жағдайына бейімдеуге тырысты. Отан алдындағы борышы, оны сауатсыз отандастарының тағдырын толғандырмай қоймады.

Адам және қоғам өміріндегі еңбектің алатын орнына ерекше маңыз берген Ыбырай, адал еңбек пен қанағатшылдық — адам бақытының негізі деп санағаны да белгілі. Еңбек тақырыбы — оның шығармаларының негізі. Еңбексіз өмір бос деп санайды ойшыл. Еңбек, ізгілікке ұмтылу адамгершілік адамға лайықты өмірді қамтамасыз ететінін Ы.Алтынсарин «Таза бұлақ» деген әңгімесіндегі мысал арқылы дәлелдейді.

Жалпы алғанда, жоғарыда қарастырылған ағартушылық ойларының негізінде ойшылдың өмір тәжірибесінен нәр алған терең саяси идеялары байқалады. Отандық ғалымдардың дәлелдеуінше, Ыбырайдың дүниетанымының қалыптасуына туған ел, халық ауыз әдебиеті, прогрессивті орыс әдебиеті мен Еуропа ойшылдарының еңбектері өз әсерін тигізді. Ш. Уәлиханов секілді, Алтынсарин да өз халқының артта қалушылығын жоюдың бірден-бір жолы ағартушылықта деп сенді және Қазақстандағы халық ағарту ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына белсене араласты [2; 105]. Шын мәнде ұлы ағартушы-демократ қоғамдық өмірдегі прогрессивтік дамуды көре білді. Ол өз халқының жарқын болашағына кәміл сенген еді.

XIX ғ. қазақ ағартушыларының келесі ірі өкілінің бірі, әрине, көрнекті ақын Абай Құнанбаев (1845–1904) болып табылады. Оның шығармашылық еңбектері саяси сипатта болды. Ол ғылым мен білімнің, адамдардың өзіндік қасиеттерін қалыптастыратынын, өзі, ақиқат пен әділдік үшін күресуге шақыратынын айтқан болатын. Ал оның іс-әрекеті халықты қанаудан сақтау болатын. Осы жағдайда ол билікті білімді адамдарға беру керек деген тұжырымға келеді. Ойшыл білімді билеуші мен білімді халықтың концепциясын негіздеушілердің бірі. Оның пікірінше, қазақтарды дұрыс жолға қойғысы келетін адам билікке ие болуы тиіс. Халықтың қоғамдық өміріндегі билік пен басқарудың күші, маңызы және орны ерекше екенін атап көрсетті. «Егер менің қолымда билік болса, мен адам түзелмейді дегендердің барлығының тілін кесер едім», — дейді ол. Және ойшылдың қоғамдық өмірде бірқатар нәрсе мемлекеттік лауазымдағы адамдардың ерік-жігеріне байланысты деген ойы бізді қызықтырмай қоймайды. Осыдан ақын-демократ саяси биліктің күштілігін мойындайды деген пікірге келеміз.

Абайдың көзқарастарының саяси мазмұнын және билік проблемасына қатынасын қарастыра отырып, оның қоғамның құрылымы жөніндегі ойларына да тоқталуға болады. Ол адамдарды екі топқа бөледі: басқаруды қажет ететін надан топ және ақылды, білімді, таңдаулылар тобы. «Тобыр — надан, оны басқара біл... Тобырда білімді адамдар сирек кездеседі», — деген Абайдың сөзі белгілі. Ол адамзаттың екі жартысының бір-бірінен өзінсіз өмір сүре алмайтынын мойындаған. Осы байланыстылықтан биліктің өзіндік принциптерін ұсынған. Оның пікірінше, билеушілер елдің таңдаулылары болуы тиіс, бірақ шындығында олар шеттетіліп келді. Бұл жөнінде ойшыл үшінші «Қара сөзінде» былай дейді: «Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әр түрлі қылмыстық іс көрсетіледі. Оған жауапқа шақыру — тергеу шығарады. Өтірік, көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған» [13; 131]. Әрине, ойшыл осының барлығы олардың билікке деген ұмтылысын шектеу үшін жасалады деп түсінеді.

Ойшылдың дүниетанымының прогрессивтік-демократиялық сипаты әкімшілік сот мәселелері бойынша көзқарастарынан да көрінеді. Абай отаршылдар мен феодалдардың мақсаттарының бірлігін түсіне білген. Сондықтан да ол патша үкіметі XIX ғ. 60-жылдары енгізген сайлау жүйесіне қарсы болды. Ол оның халықты алдауға, сайлаушыларды сатып алуға негізделгенін атап көрсетті. Осы жағдайда ол болыстық билеушілер, билер және ауыл басқарушылары қызметіне орысша білім алған адамдарды сайлауды ұсынған. Өйткені олар сол кездегі надан билеушілерден басым тұрды. Соларды сайлау арқылы біз ең құрымаса қандай да пайда табар едік дейді ол. Себебі бұл қазақтарды өз балаларына білім беруге ықпал етеді және ондай адам дала басқарушылардан гөрі, заңға тәуелді болар еді.

Сонымен қоса ойшыл сол кездегі билер сотына қарсы болған. Себебі, сот лауазымы болыс билеушілер лауазымы секілді сатып алуға негізделген. «Қазір би болып, халықтың мүддесіне қарсы келетін адамдар сайланады; олар ескі құқықтық ережелерді білулері тиіс еді. Олар қай заңдардың ескіргенін білулері тиіс. Қазіргі сайланатын соттар ескі заңдарға айырбас таба алмайды» [14]. Осыған байланысты ол билердің санын көбейткеннен олардың сапасын арттыруға күш жұмсау керек және мерзімсіз сайланатын билерді дұрыс деп табады.

Жалпы алғанда, Абай феодалдық құрылымның қарама-қайшылықтарына назар аударып, қазақтар үшін жаңа қоғамдық құрылыстың ең жағымды түрін іздеп табуға тырысты. Бұл жолда ол таза рулық басқару тәжірибесін қолдап, былай жазады: «Ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халық та оны сынамақ, бірден-бірге жүгірмек болмайды екен» [13; 213].

Ақын қазақтардың жалпыұлттық мүддесін де түсіне білген. Осыдан ол халқын ұлттық бірлікке шақырады. Осыған байланысты ру аралық дұрдараздықты қоздыратын топтарды сынаған. Қазақтарда жалпыұлттық сана-сезім қалыптасуына жақтас болған. Басқа бірлігі күшті халықтардан үлгі алуға шақырады. Оның бұл ойлары бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпаған. Ол қазақтың қоғамдық пікірін жаңа сатыға көтере білді. Өз замандастарының ішінен ерекше бөлініп шығып, адамдардың сынаушысына және ақылшысына айналды. Прогреске жетуде ойшыл жас адамдарға, білімге, ғылымға құштар болуға кеңес береді. Ол бос уақыт өткізуді және жалқаулықты кедейліктің бір себебі деп түсінген. Адамда ерік, жігер қалыптасуына көңіл бөлген. Ол халық өмірін жақсартуда білімнің, ғылымның және еңбектің орнын жоғары бағалаған. Қазақтарды ағартуда еуропалық өркениетті игеруді маңызды орынға қойған. Орыс халқынан өнерді үйренуге шақырады. Адамдар өз өмірлерін өздері қалыптастырулары қажет деген ойды айтады. Ол үшін жоғары мәдениетті халықтардан үйренуге тиіспіз дейді ақын. «Егер біз басқалар білетінді білсек, біз күшті халыққа айналамыз» деген ойшылдың сөзі қазіргі күнде маңызын жоғалтпайды.

Қоғам өмірін өзгерту үшін ағартушы кеңес беріп қана қоймай, өз бағдарламасын жасауға да кіріседі. Оның бағдарламасы келесі талаптардан тұрады: барлық балаларды мектептерге беру; мектептер халық есебінен жасақталуы; мектептер білім беріп қана қоймай әр түрлі мамандыққа үйретуі тиіс; ең алдымен балаларды ана тіліне, дәстүрлі білімге, содан кейін орыс тіліне, өнерге, ғылымға және мәдениетке үйрету керек; зайырлы білім арқылы ғана бала өз халқына пайдалы адамға айналады. Сонымен қатар ақын еңбекшіл халықтың мүддесін қорғаған. Зұлымдықтың негізі олардың рулық немесе ұлттық айырмашылықтары емес, мүліктік жағдайының теңсіздігі деп білген. Ол сол кездегі қоғамның жіктелу мәселесіне көп көңіл бөлген. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, оған бұл жерде орыс демократтарының еңбектері көп ықпал еткен.

Абай өз шығармаларында этикалық идеалдарды көп қарастырған. Оның этикасының негізгі принципі: «Адам бол». Осыдан келіп оның көптеген шығармалары адамгершілік сипатта жазылған. Ойшылдың пікірінше, адам саналылық пен адамгершіліктің, еңбексүйгіштік пен білімділіктің, достық пен махаббаттың қосындысы болуы тиіс. Ол өз шығармаларында шындықты бейнелеуде реалистік бағытты ұстанады. Сол кездегі тәртіпке түбірімен қарсы болғанын көрсетеді. Ағартушының шығармашылығында жеке адамның қалыптасуында қоғамдық ортаның шешуші орын алатыны айқындалған. «Адам — өз кезеңінің жемісі, егер ол жаман болса, оған замандастары кінәлі. Дәуір адамды қалыптастырады» деген ойшылдың көзқарасымен толық келісуге болады сияқты. Абайдың ағартушылық дүниетанымын бағалауда қазіргі отандық ғалымдардың көбісі оның шығармашылық күш-қуатын адамдық игіліктерге, ақиқат адамдық болмысты іздеуге, адамға лайық өмірге ұмтылуға бағытталған деп санайды [15]. Міне, ойшылдың осы ойлары бүгінгі күнде де өзінің прогресшіл маңызын жоймағанын көрсетеді.

Жоғарыда көрсеткендей, қазақ халқының рухани мәдениетінің даму тарихында XIX ғасырдың екінші жартысында ағартушылық ерекше тарихи құбылыс пайда болды. Оның негізінде отандық ағартушылар өздерінің көптеген еңбектерінде қазақ қоғамының артта қалуын шаруашылық өмірдің дамыған болмағанымен байланыстырды. Қазақ ағартушыларының пікірінше, ең негізгісі мәселе — ол қазақ қоғамның прогреске бейімділігімен байланысты болды. Осы сұраққа жауап іздеу барысында, халқымыздың ұлы ағартушылары артта қалған елдердің өзіндік дамуы үшін, дамыған елдердің мәдениетін бойларына сіңіру керек деген тұжырымды жасады. Олар отаршыл әкімшіліктің тонаушылық саясатын әшкерелеп сынға алды. Бұл қазақ және орыс қоғамының алдыңғы қатарлы өкілдеріне патша өкіметінің реакциялық билігін терең ұғынуға көмектесті.

Қазақ үкіметтің мүдделерін ескеруі, ағартушылардың ойынша, көптеген қоғамдық қайшылықтардан сақтанға мүмкіндік береді. Сондықтан да олар Ресей үкіметінің қазақ қоғамда жасаған жағдайын терең зерттеуіне мүдделі болды. Олар өркениетті орыс халқының өз қол астындағы елге қоғамдық дамуда көмек беретініне сенімді еді. Бұл сенім Қазақстандағы патша өкіметінің өкілдеріне көптеген өтініштермен сұраулар жасауға итермеледі. Бірақ та халықтың өмірін жақсарту жолындағы бұндай күрес жолы қазақтардың қоғамдық-саяси құрылымын қайта қарастыруға деген сенімді ақтаған жоқ.

Сонымен, қазақ ағартушылығының басты ерекшелігі — оның феодалдық құрылыстың дағдарысы нәтижесінде табиғи түрде пайда болуы емес, өлкенің Ресейге қосылуының идеялық бейнесі ретінде пайда болуы. Еуропалық және ресейлік ағартушылыққа қарағанда өзінің идеялық мазмұны бойынша, қазақ ағартушылығы әлсіз дамыған халықтардың артта қалушылығын жою мәселелерін теориялық негіздеу төңірегінде дамыды.

Ағартушылық дәуірдегі болашақ қоғамдық құрылыс мәселесіне байланысты қазақ ойшылдарының мұраты батыс ағартушылары өкілдерінің мұратымен сай келмеді. Батыс ағартушылары өздерінің сенімдеріне қарамастан, өз қоғамының сұранысына жауап беретін нарықтық құрылысты объективті идеализацияласа, қазақ ағартушылары қоғамның барлық мүшелері сауаттандырылған, толық еркіндік пен әділдік және адамдардың өз елінің саяси өміріне толық араласуын қамтамасыз еткен, білімге негізделген тәуелсіз тәртіп орнату үшін күресті. Олардың мұраттары дәл біздің кезеңімізде орныға түсті деп айта аламыз.

Қорыта айтқанда, қазақ ағартушылық Қазақстанның XIX ғасырдың екінші жартысындағы жағдайында әлеуметтік-экономикалық және мәдени прогресс жолындағы мықты қозғалыс беруші күшке айналып, орыс өркениетіне бейімделу жолында дамыды. Сонымен қатар отандық ағартушылар осы прогреске жету жолда өз мүмкіндігінше жағдай жасауға тырысты. Жалпы алғанда, Абайдың және басқа алғашқы қазақ ағартушыларының адамның ақыл-парасатын дәріптеуінің, надандықты, ескілікті, діни әдет-ғұрыптарды сынап-мінеуінің, сондай-ақ қажетті саяси-әлеуметтік өзгерістерді қазақ даласына енгізу қажеттілікті және басқа ағартушылық идеяларының зор прогресшіл маңызы болғанына толық сенім білдіреміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік белестері. — Алматы: Атамұра, 2003. — 18-б.
- 2 Ғабитов Т. Қазақ философиясы. — Алматы: Раритет, 2010. — 280 б.
- 3 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар / Жауапты шығ. Л.Әуезова, Т.Әкімов. — Алматы: Жазушы, 1985. — 19-т. — 242-б.
- 4 Насимов М.Ө. Ағартушылық астарындағы қазақтың саяси ойы. — [ӘР]. Abai.kz ақпараттық порталы [сайт]. URL: <http://old.abai.kz/content/myrat-orlenbaiyly-agartushylyk-astaryndagy-kazaktyn-sayasi-oiy> (назар аудару мерзімі 16.01.2015).
- 5 Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. — Алматы: Білім, 2004. — 66-б.
- 6 Уәлиханов Ш. Сот реформасы жайында хат / Қазақ ағартушыларының философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. — 10-т. — Астана: Аударма, 2007. — 472 б.
- 7 Валиханов Ч. Избранные произведения. — М.: Наука, 1986. — С. 128.
- 8 Алтынсарин И. Собрание сочинений: В 3 т. — 3 т. — Алма-Ата: Наука, 1978. — С. 63.
- 9 Ыбырай Алтынсарин тағылымы: әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / Құраст. М. Жармұхамедов. — Алматы: Жазушы, 1991. — 383 б.
- 10 XV–XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері / Әлемдік педагогикалық ой-сана: 10 т. — 3-т. / Бас ред. Ж.Қ. Түймебаев. — Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2010. — 102-б.
- 11 Есжанов С. Ыбырай Алтынсарин // Ақиқат. — 2009. — № 11. — 103-б.
- 12 Ы.Алтынсарин хаттарындағы ағартушылық философиясы / Қазақ ағартушыларының философиясы. Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. — 10-т. — Астана: Аударма, 2007. — 259-б.
- 13 Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы: 2 том. — 2-т. — Алматы: Ғылым, 1977. — 312 б.
- 14 Туманишин К.М. Общественно-политические взгляды Абая Кунанбаева. — Караганда: Изд-во КарГУ, 1994. — С. 14.
- 15 Қазақ ағартушыларының философиясы / Қазақ халқының философиялық мұрасы: 20 т. — 10-т. — Астана: Аударма, 2007. — 463-б.

Г.А.Жумасултанова

Политическое содержание мировоззрения первых казахских просветителей

В данной статье автор на основе изучения причин формирования и функций казахского просветительства анализирует и оценивает особенности развития просветительской мысли в нашей стране. Всесторонне раскрывает политическую сущность просветительства в Казахстане, которое, по сравнению с Европой и Россией, имело своеобразный характер, определяет роль и значение ценностей казахского просветительства в социально-политической жизни общества. Обращая внимание на то, какое место в народной истории занимали великие сыны казахского народа, автор раскрывает общественно-политические проблемы, имевшие место в их просветительской мысли.

G.A.Zhumasultanova

Political content of ideology of the first Kazakh educators

In this article the author analyzes and evaluates the features of the development of educational thought in our country based on the study of the formation's causes and functions of the Kazakh enlightenment. In the work is comprehensively revealed the political essence of enlightenment in Kazakhstan, which had a different character compared with Europe and Russia. The questions considered in this paper are devoted to the definition of the role and importance of the Kazakh enlightenment values in social and political life of society, as well as in-depth analysis of its political content. Paying attention to what place in the folk history took great sons of Kazakh people, the author shows how the socio-political problems have occurred in their Enlightenment thought.

References

- 1 Nazarbayev N.A. *The strategy of independence*, Almaty: Atamura, 2003, p. 18.
- 2 Gabitov T. *Kazakh philosophy*, Almaty: Raritet, 2010, 280 p.
- 3 Aueзов M. *The collected works are in 20 volumes. Articles and notes* / Edit. L. Auezova, T.Akimov, Almaty: Zhazushy, 1985, 19, 242 p.
- 4 Nasimov M.O. *Political ideas of Kazakh education*, Abai.kz Informative portal. URL: <http://old.abai.kz/content/myrat-orlenbaiyly-agartushylyk-astaryndagy-kazaktyn-sayasi-oiy> (date of appeal 16.01.2015)
- 5 Ozbekuly C. *Basic problems of history of political and legal idea of Kazakhstan*, Almaty: Bilim, 2004, p. 66.
- 6 Valixanov Sh. *Messages about judicial reform / Philosophy of the Kazakh enlighteners. Philosophy heritage of the Kazakh people in 20 volumes*, Astana: Audarma, 2007, 10, 472 p.
- 7 Valixanov Ch. *Select works*, Moscow: Nauka, 1986, p. 128.
- 8 Altynsarin I. *The collected works are in 3 volumes*, Alma-Ata: Nauka, 1978, 3, 352 p.
- 9 *Lessons of Ibyrai Altynsarin: the articles and researches* / Compiler M. Zharmukhamedov, Almaty: Zhazushy, 1991, 383 p.
- 10 *World pedagogical idea in 10 volumes* / Edit.-in-chief Zh.K. Tuimebaev, Almaty: «Taimas» publ. house, 2010, 3, p. 102.
- 11 Eszhanov S. *Akikat*, 2009, 11, p. 103.
- 12 *Elucidative philosophy is in letters of I. Altynsarin / Philosophy of the Kazakh enlighteners. Philosophy heritage of the Kazakh people in 20 volumes*, Astana: Audarma, 2007, 10, p. 259.
- 13 Kunanbayev A. *Complete works are in 2 volumes*, Almaty: Gylm, 1977, 2, 312 p.
- 14 Tumanshin K.M. *Social and political looks of Abai Kunanbaev*, Karaganda: KarSU publ., 1994, 23 p.
- 15 *Philosophy heritage of the Kazakh people in 20 volumes*, Astana: Audarma, 2007, 10, p. 463.